

КСРО-ның қорғаушы құжаттарымен қорғалған өнертабысқа, өнеркәсіп үлгілеріне, тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілеріне Қазақстан Республикасының қорғаушы құжаттарын беру тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 қараша 1992 ж. N 949

Өнер табыстары, өнеркәсіп үлгілері, тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілері КСРО-ның қорғаушы құжаттарымен қорғалған, сондай-ақ осындай өтінімдері. Ресей Федерациясының Патенттер мен тауар белгілері жөніндегі комитетінің (Респатент) қарауында жатқан өнертапқыштар мен патент иелерінің хұқығын Қазақстан Республикасының аумағында қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Өнеркәсіп меншігі объектілеріне бұрын КСРО-ның берген қорғаушы құжаттарының оларға Қазақстан Республикасының қорғаушы құжаттары берілгенге дейін Қазақстан Республикасының аумағында күші бар деп танылсын.

2. Өтініш берушілер және иелерімен бірге авторларға Қазақстан Республикасының аумағындағы өнеркәсіп меншігі объектілеріне Қазақстан Республикасының патенттері мен куәліктерін бір мезгілде бере отырып, КСРО-ның қорғаушы құжаттарының күшін жою туралы өтініш жасауға хұқық берілсін.

3. КСРО-ның қорғаушы құжаттарымен қорғалған өнертабысқа, өнеркәсіп үлгілеріне, тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілеріне Қазақстан Республикасының қорғаушы құжаттарын беру Тәртібі (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

КСРО-ның авторлық куәліктері, куәліктері мен патенттері, сондай-ақ Респатенттің қарауында жатқан өтінімдер бойынша Қазақстан Республикасының патенттері мен куәліктерін беру жөніндегі материалдарға қойылатын талаптар мен өтініш жасау нысандарын Қазақстан Республикасы Ұлттық патент ведомствосы белгілейді. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 11 қарашадағы
N 949 қаулысымен
Бекітілген

КСРО-ның қорғаушы құжаттарымен қорғалған
өнертабысқа, өнеркәсіп үлгілеріне, тауар
белгілері мен қызмет көрсету белгілеріне
Қазақстан Республикасының қорғаушы
құжаттарын берудің
Тәртібі <*>

ЕСКЕРТУ. Тәртіптің мәтініндегі сөздер алынып тасталды -
ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

КСРО-ның қорғаушы құжаттары бойынша өнертабысқа, өнеркәсіп үлгілеріне, тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілеріне (бұдан әрі - тауар белгілері) Қазақстан Республикасының қорғаушы құжаттарын беру үшін өтініштер Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосына (бұдан әрі - Қазпатент) жолданады:

1. Автордың арыз иесімен немесе патент иесімен бірге Қазақстан Республикасының патентін беру туралы жасаған өтініші қанағаттандырылып, есептік көрсеткішінің 1/2 бөлігі мөлшерінде баж салығын төлеген жағдайда, КСРО-ның куәліктерімен және патенттерімен қорғалған өнеркәсіп үлгілеріне Қазақстан Республикасының патенттері, өтінім түскен күннен есептегенде, 20 жылдан аспайтын мерзімге беріледі. <*>

Автордың арыз иесімен немесе патент иесімен бірге 1993 жылдың 1 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасының патентін беру туралы жасаған өтінішін қанағаттандырып, есептік көрсеткішінің 1/2 бөлігі мөлшерінде баж салығын төлеген жағдайда, КСРО-ның куәліктерімен және патенттерімен қорғалған өнеркәсіп үлгілеріне Қазақстан Республикасының патенттері, өтінім түскен күннен есептегенде (патенттің қолдану мерзімін тағы да 5 жылға созу мүмкіндігі болатын) 10 жылға беріледі.

Өнертабысқа және өнеркәсіп үлгісіне Қазақстан Республикасының патенті берілген күннен бастап ерекше хұқық көрініс табады. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРМК-нің 1994.01.10. N 52
қаулысымен.

2. Өнертабыс пен өнеркәсіп үлгілеріне Қазақстан Республикасының патенттерін беру туралы өтінішке баж салығын төлегені туралы құжат пен әрбір объекті бойынша КСРО-ның қорғаушы құжаттары қоса тапсырылады.

Егер арыз беруші немесе патент иесі мен автордың (авторлардың) арасында өнертабысқа немесе өнеркәсіп үлгісіне бірлескен өтініш беру туралы келісімге келе алмаған жағдайда патент берілмейді.

3. Респатентте қаралып жатқан, олар бойынша іс жүргізу аяқталмаған және қорғаушы құжаттары берілмеген өнертабысқа патенттер, өнеркәсіп үлгілеріне куәліктер немесе патенттер беру жөніндегі өтінімдер бойынша арыз иелері авторлармен бірге бастапқы берілген өтінімдер бойынша басымдықты сақтайтын Қазақстан Республикасының патентін беру туралы өтініш жасауға хұқы бар.

Өтініш 1993 жылдың 1-наурызына дейін беріледі. Өтініштерге Респатенттің мемлекеттік патенттік сараптау ғылыми-зерттеу институты (бұдан әрі - МПСҒЗИ) расталған

өтінім материалдарының көшірмелері, сондай-ақ есептік көрсеткішінің 1/2 бөлігі мөлшерінде баж салығының төленгені туралы құжат қоса тапсырылады. <*>

4. Қазақстан Республикасының патенттің беру туралы өтініш жасаған күнге дейін, авторлық куәліктер берілген өнертабыс пен өнеркәсіп үлгілерін немесе куәліктер берілген өнеркәсіп үлгілерін пайдаланған немесе пайдалану үшін қажетті әзірлеме жасаған Қазақстан Республикасының жеке адамдары мен заңды ұйымдары бұдан былай да оларды, патент иесінің еркіне қарамастан, көлемін кеңейтпей пайдалана алады.

5. КСРО-ның куәліктерімен қорғалған, қолданылып жүрген тауар белгілері, олардың иесінің 1993 жылдың 1-қарашасына дейін түсіріп, куәліктің көшірмесі мен есептік көрсеткішінің 1/2 бөлігі мөлшерінде баж салығын төлегені туралы құжат қосылған өтініші бойынша Қазпатентте тіркеліп, 10 жыл мерзімге (ұзарту мүмкіндігімен) Қазақстан Республикасының куәліктері беріледі. <*>

6. 1992 жылдың 1 желтоқсанына дейін Респатентке тіркеуге жіберілген тауар белгілері мәлімдеушінің өтініші бойынша сараптау шешімінің басымдылығы ескеріліп, Қазпатентте тіркеледі.

МПСФЗИ-дың сараптау шешімі немесе ондай шешім әлі алынбаған болса, өтінімнің қарауға қабылданғаны туралы мәлімдеу қағазы, сондай-ақ есептік көрсеткішінің 1/2 бөлігі мөлшерінде баж салығын төлегені туралы құжат қосылған өтініш 1993 жылдың 1-қарашасына дейін тапсырылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 1,3,5,6-тармақтарындағы сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің
1996.08.09. N 987 қаулысымен.

7. Егер мәлімдеушінің еркінен тыс жағдайларға байланысты 1993 жылдың 1 желтоқсанына дейін өнертабысқа және өнеркәсіп үлгілеріне Қазақстан Республикасының патенттерін беру туралы өтініштер, ал 1993 жылдың 1-қарашасына дейін тауар белгілеріне Қазақстан Республикасының куәліктерін беру туралы өтініштер жасалмаған болса, онда мерзімдер екі айға созылуы мүмкін.

8. Қазақстан Республикасының тиісті қорғаушы құжаттарын бергеннен кейін Қазпатент ол жайында мәліметтер жариялайды.